

Қазақстан Республикасының мемлекеттік әуе кемелеріне мемлекеттік және тіркеу айырым және қосымша белгілерін салу ережесін бекіту және қолданысқа енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрінің 2004 жылғы 15 қыркүйектегі N 560 бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2004 жылда 19 қазанда тіркелді. Тіркеу N 3160. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің 2012 жылғы 4 қыркүйектегі № 499 Бұйрығымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Қорғаныс министрінің 2012.09.04 № 499 Бұйрығымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Қазақстан Республикасы Президентінің "Әуе кеңістігін пайдалану және Қазақстан Республикасы авиациясының жұмысы туралы" заң күші бар Жарлығына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН** :

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының мемлекеттік әуе кемелеріне мемлекеттік және тіркеу айырым және қосымша белгілерін салу ережесі бекітілсін және қолданысқа енгізілсін.
2. Осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде тіркелген күнінен бастап күшіне енеді.
3. Бұйрық лауазымды адамдарға, оларға қатысты бөлігінде жеткізілсін.

*Қазақстан Республикасының
Қорғаныс министрі*

армия генералы

Қазақстан Республикасы
Қорғаныс министрінің
2004 жылғы 15 қыркүйектегі
N 560 бұйрығымен
бекітілген

Қазақстан Республикасының мемлекеттік әуе кемелеріне мемлекеттік және тіркеу айырым және қосымша белгілерін салу ережелері 1. Жалпы ережелер

1. Мемлекеттік және ведомстволық тиесілілігін анықтау үшін әрбір ұшу аппаратына (бұдан әрі - ҰА) тиісті айырым белгілері салынады.

2. Осы Ережелер Қазақстан Республикасының мемлекеттік әуе кемелеріне айырым белгілерін салу тәртібін анықтайды.

3. ҰА-ның таным белгілері ретінде ҰА бетіндегі осы Ережеде белгіленген орындарда салынатын тиісті суреттер мен цифрлар орнатылады.

4. Өзінің тағайындалуы бойынша айырым белгілері негізгі және қосымша болып бөлінеді.

5. Негізгі айырым белгісі ҰА-ның Қазақстан Республикасының тиісті мемлекеттік органдарға тиесілілігін анықтайды.

6. Қосымша айырым белгілері әуе кемесінің тиісті органға немесе әскери бөлімге тиесілілігін анықтайды.

ҰА-ның қосымша айырым белгілері мыналар болып табылады:

1) б о р т т ы қ н ө м і р л е р ;

2) ж о л а қ т а р ;

3) е р е к ш е ж а з у л а р ;

4) ерекше суреттер (қызыл жарты ай).

7. Әуе кемелеріндегі айырым белгілері жақсы көрінетін болуы тиіс.

Пайдалану процесінде тиісті түсте ұстау үшін айырым белгілері әлсін-әлсін боялып отыруы тиіс.

2. Айырым және қосымша белгілердің сипаттамасы, оларды мемлекеттік әуе кемелеріне салу тәртібі

8. Қазақстан Республикасы мемлекеттік әуе кемелерінің негізгі айырым белгілері осы Ережедегі 1-қосымшада келтірілген.

9. ҰА-ның негізгі айырым белгісі мыналарға салынады:

1) ұшақ-монопландарға - 2-5, 10-қосымшаларға сәйкес қанаттарының астына және үстіне, сондай-ақ вертикалды қанатының екі жағына;

2) ұшақ-бипландарға - 2, 7-қосымшаларға сәйкес үстіңгі қанаттарының үстіне, астыңғы қанаттарының астына және вертикалды қанатының екі жағына;

3) тікұшақтарға - 6, 8, 9-қосымшаларға сәйкес кабинаның бүйір қабырғаларына, оның артқы бөлігіне және кабинаның астына.

10. Негізгі айырым белгісін ұшақ қанатына салу кезінде (астына және үстіне) оның орталығы шамамен қанат хордасының ортасында орналасуы тиіс. Белгінің орталығынан қанаттың соңына дейінгі арақашықтық 0,1-0,2 қанат құлашының шегінде, ал қанаттың алдыңғы шетінен жиектемені қоса алғандағы белгінің төбесіне дейінгі арақашықтық 50-150 мм шамасында болуы тиіс.

11. Горизонталь қанаты төмен орналасқан ұшақтың вертикаль қанатына белгі киль мен бағыттау рулінің жалпы ауданының орталығына тұрақтандырғыштан

жоғары, горизонталь қанаты жоғары орналасқанда - киль ауданының орталығына тұрақтандырғыштан төмен салынады.

Екі вертикаль қанаты бар ұшақтарға негізгі айырым белгісі вертикаль қанаттарының сыртқы жақтарына салынады.

Белгі вертикаль қанаттарға оның шеттері киль мен рульдің сүйірленген шеттерінен 50-150 мм арақашықтықта орналасатындай есеппен салынады.

12. ҰА-ға салынған кезде негізгі айырым белгісінің өлшемі мүмкіндігінше үлкен болуы тиіс. Қорғаныш бояуы бар - камуфляжды ұшақтар ерекшелікті құрайды, олар үшін әдеттегідей боялған ұшақтардың типтік өлшемінен бір типтік өлшемі кем белгі өлшемдері таңдап алынады.

13. Негізгі айырым белгілерінің мынадай типтік өлшемдері белгіленеді: 300, 600, 800, 1000, 1200, 1600, 1800, 2000-2600, 2700 және 3000 мм.

14. Ұшақтарға (тікұшақтарға) бүйірлік нөмір фюзеляж бортына және вертикаль қанатқа екі таңбалы санмен белгіленеді және фюзеляждың бүйір беттеріне (тікұшақ кабинасының қабырғаларына) немесе ұшақтың вертикаль қанатына екі жағынан салынады.

Майдандық бомбалаушы ұшақтарға нөмір фюзеляж бортына және тік қанатына негізгі айырым белгілерінен жоғары салынады.

Барлық басқа ұшақтар мен тікұшақтарға нөмір фюзеляж бортына 3, 6-қосымшаларға сәйкес: тұмсық бөлігі қысқа ҰА-ға қанатының артына салынады.

15. 11-қосымшаға сәйкес ұшақтардың борттық нөмірлері үшін сандардың мынадай өлшемдері мен нысандары белгілінеді:

1) сандардың биіктігі: 300, 400, 600, 900, 1200, 1500, 2000, 2500 және 3000 мм;

2) сандардың ені олардың биіктігінің $2/3$ биіктігіне, санды құрайтын сызықтардың қалыңдығы - олардың биіктігінің $1/6$ -іне теңестірілуі тиіс;

3) фюзеляж бортындағы сандар шартты тік төртбұрышқа сиюы және мүмкіндігінше фюзеляж осінің бүйірлік проекциясына, олар жақсы көрінетін жерге салынуы тиіс;

4) борттық нөмірлердің мынадай түстері белгіленген: қызыл, қара, сары. Ашық түске боялған әуе кемесіне қызыл немесе қара түсті борттық нөмір салынады; күнгірт немесе камуфляждалған түске боялған кемеге сары түсті борттық нөмір салынады.

16. Медициналық-санитарлық қызмет көрсетумен байланысты міндеттерді орындауға арналған және тиісті халықаралық конвенциялардың қолданыс аясына жататын тікұшақтарға (ұшақтарға) қосымша айырым белгісі - қызыл жарты ай болады (9, 10-қосымша).

Ақ түске боялған ұшақтарға қызыл жарты ай тікелей боялған бетке, ал басқа түстерге боялған ұшақтарға өлшемі барынша үлкен ақ түс контурында салынады.

Ақ контур мен қызыл жарты айдың өлшемдері 1-қосымшада келтірілген.

17. Санитарлық ұшақтарға негізгі айырым белгісі вертикаль қанаттарының екі жағына салынады. Қосымша белгілер:

1) қызыл жарты ай - ұшақ қанаттарының асты мен үстіне және фюзеляждың бүйіріне ;

2) борттық нөмір - фюзеляждың бүйір беттеріне (қызыл жарты айдан кейін) қанат жағына салынады .

Қызыл жарты айды ұшақ қанатына салу кезінде оның шеттері элеронға немесе қанат алдына шықпауы тиіс.

18. Негізгі айырым белгісі санитарлық тікұшақтарға кабинаның бүйір бетіне оның артқы бөлігіне екі жағынан, ал қызыл жарты ай қосымша белгісі кабинаның бүйір бетінің орталығына екі жағынан және кабинаның астына салынады.

19. Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Шекара қызметі авиациясының әуе кемелеріне негізгі айырым белгісімен және борттық нөмірмен қатар ені 260 мм жолақ салынады:

1) ұшақтарға - бағыттау руліне екі жағынан нервюрлерге параллель жұлдыздан төмен және биіктік рулінің асты мен үстіне лонжеронға параллель;

2) тікұшақтарға - ұзындығы 1500 мм, 100-150 мм арақашықтықта құйрық тарапына қарай негізгі айырым белгісінен кейін.

Күнгірт фонда - ақ түсті жолақтар, ал ашық фонда қызыл түсті жолақтар салынады.

Қазақстан Республикасы
Қорғаныс министрінің
2004 жылғы 15 қыркүйектегі
N 560 бұйрығымен бекітілген
Мемлекеттік әуе кемелеріне
мемлекеттік және тіркеу айырым
белгілерін және қосымша
белгілерді салу ережесіне

1-қосымша

ҚР ҚК негізгі айырым белгісі Қосымша айырым белгісі

Айырым белгілерінің кескінін қағаз мәтіннен қараңыз

Айырым белгілерінің типтік өлшемдері, мм

Д | 300 | 600 | 800 | 1000 | 1200 | 1600 | 1800 | 2000-2600 | 2700|3000

С | 15 | 20 | 25 | 30 | 35 | 40 | 50 | 75 | 100| 110

Е | 10 | 10 | 10 | 10 | 10 | 15 | 15 | 25 | 30 | 30

Ш а р т т ы б е л г і л е р :

Д - диаметр; С - жұлдыздың сары жиегінің ені; Е - жұлдыздың қызыл жиегінің ені; К - ақ фонның ені; М - ақ фонның ені; Н - белгінің биіктігі. Сыйымдылығы 40 адамға дейінгі санитарлық тікұшақтар мен ұшақтар үшін К=300 мм, М=700 мм, Н=300 мм, сыйымдылығы 40 адамнан асатын санитарлық тікұшақтар мен ұшақтар үшін К=600 мм, М=1000 мм, Н=450 мм.

$$d=N/S; R=N/2; r=5N/12$$

Қазақстан Республикасы
Ұлттық қауіпсіздік комитеті
Шекара қызметінің негізгі
айырым белгісі

Қазақстан Республикасы Ішкі
істер министрлігі Ішкі
әскерлерінің негізгі

айырым белгісі

Айырым белгілерінің кескінін қағаз мәтіннен қараңыз

Қазақстан Республикасы
Қорғаныс министрінің
2004 жылғы 15 қыркүйектегі
N 560 бұйрығымен бекітілген
Мемлекеттік әуе кемелеріне
мемлекеттік және тіркеу айырым
белгілерін және қосымша
белгілерді салу ережесіне

2-қосымша

Айырым Белгілерінің қанаттарда орналасуы

үстінен қарағанда астынан қарағанда

Айырым белгілерінің кескінін қағаз мәтіннен қараңыз

Шартты белгілер: I-қанат құлашы; II-төменгі қанат құлашы
(бипландарда)

Қазақстан Республикасы
Қорғаныс министрінің
2004 жылғы 15 қыркүйектегі
N 560 бұйрығымен бекітілген
Мемлекеттік әуе кемелеріне
мемлекеттік және тіркеу айырым
белгілерін және қосымша
белгілерді салу ережесіне

3-қосымша

Айырым белгілерінің флюзеляжда және вертикаль қанатта орналасуы

Айырым белгілерінің кескінін қағаз мәтіннен қараңыз

Ш а р т т ы б е л г і л е р :

а - санды құрайтын сызықтардың қалыңдығы;
б және в - кильдің (бағыттау рулінің) жоғарғы жиегінен оның орталығына дейінгі арақашықтық

Қазақстан Республикасы
Қорғаныс министрінің
2004 жылғы 15 қыркүйектегі
N 560 бұйрығымен бекітілген
Мемлекеттік әуе кемелеріне
мемлекеттік және тіркеу айырым
белгілерін және қосымша
белгілерді салу ережесіне

4-қосымша

Айырым белгілерінің жауынгерлік ұшақтарда орналасуы

үстінен қарағандағы көрініс
жанынан қарағандағы көрініс

Айырым белгілерінің кескінін қағаз мәтіннен қараңыз

Қазақстан Республикасы
Қорғаныс министрінің
2004 жылғы 15 қыркүйектегі
N 560 бұйрығымен бекітілген
Мемлекеттік әуе кемелеріне
мемлекеттік және тіркеу айырым
белгілерін және қосымша
белгілерді салу ережесіне

5-қосымша

Айырым белгілерінің әскери көліктік ұшақтарда орналасуы

1/4 ракурсындағы алдынан жанынан қарағандағы
қарағандағы көрініс көрініс

Айырым белгілерінің кескінін қағаз мәтіннен қараңыз

астынан қарағандағы үстінен қарағандағы
көрініс көрініс

Айырым белгілерінің кескінін қағаз мәтіннен қараңыз

Қазақстан Республикасы
Қорғаныс министрінің
2004 жылғы 15 қыркүйектегі
N 560 бұйрығымен бекітілген
Мемлекеттік әуе кемелеріне
мемлекеттік және тіркеу айырым
белгілерін және қосымша
белгілерді салу ережесіне

6-қосымша

**Айырым белгілерінің жауынгерлік
тікұшақтарда орналасуы**

Айырым белгілерінің кескінін қағаз мәтіннен қараңыз

Қазақстан Республикасы
Қорғаныс министрінің
2004 жылғы 15 қыркүйектегі
N 560 бұйрығымен бекітілген
Мемлекеттік әуе кемелеріне
мемлекеттік және тіркеу айырым
белгілерін және қосымша
белгілерді салу ережесіне

7-қосымша

**Айырым белгілерінің ұшақ-бипландарда
орналасуы**

1/4 ракурсындағы алдынан жанынан қарағандағы
қарағандағы көрініс көрініс

Айырым белгілерінің кескінін қағаз мәтіннен қараңыз

астынан қарағандағы үстінен қарағандағы
көрініс көрініс

Айырым белгілерінің кескінін қағаз мәтіннен қараңыз

Қазақстан Республикасы
Қорғаныс министрінің
2004 жылғы 15 қыркүйектегі
N 560 бұйрығымен бекітілген
Мемлекеттік әуе кемелеріне
мемлекеттік және тіркеу айырым
белгілерін және қосымша
белгілерді салу ережесіне

8-қосымша

Айырым белгілерінің тікұшақтарда

орналасуы

жанынан қарағандағы көрініс

астынан қарағандағы көрініс

Айырым белгілерінің кескінін қағаз мәтіннен қараңыз

Қазақстан Республикасы
Қорғаныс министрінің
2004 жылғы 15 қыркүйектегі
N 560 бұйрығымен бекітілген
Мемлекеттік әуе кемелеріне
мемлекеттік және тіркеу айырым
белгілерін және қосымша
белгілерді салу ережесіне

9-қосымша

Айырым белгілерінің санитарлық

тікұшақтарда орналасуы

жанынан қарағандағы көрініс

астынан қарағандағы көрініс

Айырым белгілерінің кескінін қағаз мәтіннен қараңыз

Қазақстан Республикасы
Қорғаныс министрінің
2004 жылғы 15 қыркүйектегі
N 560 бұйрығымен бекітілген
Мемлекеттік әуе кемелеріне
мемлекеттік және тіркеу айырым
белгілерін және қосымша
белгілерді салу ережесіне

10-қосымша

Айырым белгілерінің санитарлық

ұшақтарда орналасуы

1/4 ракурсындағы алдынан жанынан қарағандағы
қарағандағы көрініс көрініс

Айырым белгілерінің кескінін қағаз мәтіннен қараңыз

астынан қарағандағы үстінен қарағандағы
көрініс көрініс

Айырым белгілерінің кескінін қағаз мәтіннен қараңыз

Қазақстан Республикасы
Қорғаныс министрінің
2004 жылғы 15 қыркүйектегі

№ 560 бұйрығымен бекітілген
Мемлекеттік әуе кемелеріне
мемлекеттік және тіркеу айырым
белгілерін және қосымша
белгілерді салу ережесіне

11-қосымша

Сыртқы жазуларға арналған қаріп

1 2 3 4 5 6 7 8 9 0 _ | Н

Сандардың биіктігі, мм	300	400	600	900	1200	1500	2000	2500	3000

Сандардың ені олардың биіктіктерінің 2/3-не тең болуы тиіс;
Санды құрайтын сызықтардың қалыңдығы олардың биіктігінің 1/6-не тең болуы тиіс